

Ажары кірген
ауылдар

2-бет

Химия саласындағы
зерттеулер
сараланды

3-бет

Кеншілер
күйрете жемді

4-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІ

• ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

«Көктемнің бір күні – жылға азық»

Бүгінде агроөнеркәсіп кешенін дамыту бойынша Ұлттық жобада көрсетілген межелерді іске асыру мақсатында облыста көктемгі егіс жұмыстарын уақытылы және сапалы жүргізуге дайындық жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен, бұл салада пысықтайтын мәселелер де жеткілікті. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Тамабек Әбілхайыр Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келді. Нұра ауданы Шахтерское ауылында өткен Агрокенес жұмысын Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жүргізді. Кеңеске салалық ғылыми-зерттеу институттары және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі өкілдері, аудан әкімдерінің орынбасарлары басқарма басшылары, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер, ауыл шаруашылығы еңбеккерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен сөз алған Ауыл шаруашылығы вице-министрі Тамабек Ғалымұлы көктемгі дала жұмыстарын ойдағыдай жүргізу мақсатында барлық қажетті шаралардың қабылданып, атқарылып жатқанына тоқталды.

– Биыл көздеген үдеден шығу үшін 413 мың тонна жанар-жағармай бөлінді. Бұл – қазір де өзекті мәселе. Сондықтан, еңбеккерлерге кедергі болмас үшін жанар-жағармайды ақпан айынан бастап жеткізілуіне қол жеткіздік. Әлі де күнделікті негізде қадағалау үстіндеміз. Республика бойынша егістік құрылымы 23,4 млн. гектар көлемінде қалыптасты. Ендігі мәселе – тұқым шаруашылығы. Астық тұқымынан өзге тұқым бойынша шетелге тәуелділік байқалады. Сол себепті, 2024-2030 жылдарға арналған тұқым шаруашылығының кешенді жоспары әзірленіп, мемлекеттік органдарға жолданды, – деп мәлімдеді вице-министр.

Тұқым тазалайтын техниканы жанарту үшін 167 млрд. теңге қарастырылуда. Шаруашылықпен айналысатын шаруалар техникасына 80 пайыз көлемінде инвестициялық субсидия көтерілуде.

Кәсібін жаңа ашқан жандарға жер үлестіру мәселесі бойынша Министрлік тарапынан жерді бөлу бойынша конкурс өткізу ережесі қайта қаралды. Ереже кәсібін енді ашқан шаруаларға бірінші жер бөлу басымдығын ұстанбақ. Ауыл шаруашылығы саласындағы реформалармен танысам деушілер Ашық нормативтік-құқықтар порталына өтіп, танысуына болады. Сөз соңында, спикер елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған ауыл еңбеккерлеріне ақжарма алғысын жеткізді.

Келесі сөз алған облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Санаубаров облыс бойынша жыл сайын ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқаптарымен бірге, алынатын өнім көлемі мен сапасы да тұрақты ұлғайып жатқандығын хабарлады. Мәсе-



лен, кейінгі үш жыл аралығында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алқабы 879,2 мың гектардан 931,4 мың гектарға дейін ұлғайтылған. Ағымдағы жылы дәнді дақылдар алқабын 25,7 мың гектарға ұлғайтып, 957 мың гектар алқапқа себу жоспарлануда.

– Мұнымен бірге, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне облыстағы ауыл шаруашылығына қатысты қажеттілікті толық қамту үшін қосымша 4,3 млрд. теңгеге бюджеттік өтінім жолданған болатын. Құрметті Тамабек Ғалымұлы, қосымша көрсетілген қаржыны бөлуге ықпал етуіңізді өтінеміз. Бұл қаражат сомасы көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге дайындық шеңберіндегі шараларға, қарқынды технологияларды және заманауи жоғары өнімді техника-

ны пайдалану арқылы бос жатқан егістік жерлерді айналымға тарту, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, – деп түйіндеді сөзін Асқар Даукенұлы.

Жердің өнім бермегі – аспанынан белгілі. Саланың сапалы өнімділігі ауа райына тікелей байланысты. «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қарағанды облыстық филиалының директоры Нұрлан Шахарбаев алдын ала болжам бойынша, 2023 жылдың көктемінде топырақтағы ылғал қоры өңірдің басым аумағында қанағаттанарлық деңгейде болатынын баяндады. Бастысы, көктемде топырақтың жұмсаратын қолайлы кезеңі биыл 10-20 күнге қысқару болжанады. Сондықтан, бұл өте маңызды, қолайлы сәтті жіберіп алмаған ләзім. Далалық

жұмыстарды, соның ішінде ерте жаздық дақылдарды егуді уақытылы жүргізген маңызды.

– Мамырдың бірінші және екінші онкүндігінде Қарағанды облысында жаздық дәнді дақылдарды егудің онтайлы мерзімдері. Ылғал қорын анықтай оты-

темгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жеңілдікпен қаржыландыру бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алу бағдарламасын іске асыру барысымен таныстырды.

Соңғы үш жылда Корпорация ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алу бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді бюджет қаражаты есебінен 230 млрд. теңге сомасында қаржыландырды.

– Биыл ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алу жөнінде республика бойынша 18,7 млрд. теңге сомасына 179 шарт жасалды, оның ішінде 17,3 млрд. теңге сомасына қаржыландырылып үлгерді. Осылайша, ағымдағы жылы қаржыландыру сомасының азаюы қарыз алудың жоғары мөлшерлемелерімен, азық-түлік келісімшарт корпорациясының айтарлықтай қарыз жүктемесімен және астықтың нарықтық бағасының төмендігімен байланысты. Азық-түлік келісімшарт корпорациясы қолдаудың қосымша шарасы ретінде ірі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның кепілдігімен тауарлық кредит беру механизмін ұсынды, – деп атап өтті Абан Аманжолұлы.

Сонымен қатар, азық-түлік келісімшарт корпорациясы уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, форвардтық сатып алуды қаржыландыруға бюджет қаражатын тарту мәселелерін пысықтауда.

«Сұрақ-жауап» сессиясында аймақ шаруалары логистика мен өткізу нарығына байланысты мәселелерді ортаға салды.

– Өткен жылдың сәуірімен салыстырғанда, бағалар майлы дақылдарға да, дәнді дақылдарға да тура екі есе түсіп кетті. Не себү керектігін және қандай дақыл үнемді болатынын анықтау қиын. Қазір біз үшін ең басты міндет – барлық шығындарды азайту, – деп атап өтті Осакаров ауданының «Найдоровское» ЖШС директоры Павел Лушак. – Фермерлердің шығындарының едәуір бөлігі – бұл техниканың, жалақының, тыңайтқыштардың және өсімдіктерді қорғаудың қосалқы бөлшектері. Біз көкөніс қоймалары мен картоп қоймаларын құруға бұрынғы субсидиялау нормаларын қайтаруды ұсынамыз. Және логистика мәселесін шешсеңіздер.

Кеңес соңында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері толғандырған сауалдарына жауап алды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу нақаны жалғасуда. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ редакцияда ресімдеуге болады.

Тарифтер:

Санаты	Мерзімі	"Қазпошта" АҚ каталогы бойынша Қала	"Қазпошта" АҚ каталогы бойынша АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848.50 тг	5919.00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100.50 тг	3111.00 тг

Қарағанды қ. Ермакова к. № 33,
8 қабат, 88 каб.
Анықтама телефондары:
Руслан - 8-775-482-22-02
Ботагөз - 8-778-846-00-01
Нұрсәлі - 8-705-902-04-05
Тел: 43-57-89
E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Шекті баға мүмкіндікті шектемейді

Қазақстанда сұйық отынның бағасы қымбаттады. Атап айтқанда, 12 сәуірден бастап, құнын мемлекет реттейтін мұнай өнімдерінің шекті бағасы нақтыланып, ол туралы бұйрық күшіне енді. Бұған АИ-92 маркалы сұйық отын мен дизель отыны жатады. Сәйкесінше, облысымыздағы автожанармай құю станциялары да баға белгілерін көтере бастады.

Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, еліміздің өңірлерінде бұған дейін АИ-92 бағасының шекті бағасы 182 теңге болған еді. Енді осы сұйық отынның бағасы Қазақстан бойынша 205 теңгеден аспауы керек.


Бұған дейін жанар-жағармай құю станциялары бағаны шекті деңгейге дейін күрт көтермейтіні туралы айтқанбыз. Оның себебі, бұған дейінгі бағамен сатып алынған қордың болуы бағаны біраз ұстап тұруға мүмкіндік бермек.

Дәл осылай облыс орталығында жанармай бағасын көтермей, бұрынғы қалпында ұстап тұрған Gazoil жанармай құю станциялары желісі. Қарағанды қаласы бойынша барлығы 25

станциядағы АИ-92 маркалы бензиннің бағасы 17 сәуірде – 181 теңге. Менеджерлердің айтуынша, сұйық отынның бағасы қашан көтерілетіні әзірге белгісіз. Ал, АИ-95 бағасы – 215 теңге. Дизель отыны сатылымда жоқ.

Қарағандылық автокөлік әуесқойларына жақсы танымал Helios жанармай құю станцияларында бір апта бұрын сұйық отынның, атап айтқанда АИ-92 бензиннің бағасы 180 теңге болған еді. Ал, 17 сәуірде 13,5 пайызға көтеріп, 205 теңгеден сатуда. Ал, АИ-95 – 215 теңге. Дизель отыны – 295 теңге.

Айта кетейік, АИ-95 маркалы сұйық отынның құны мемлекет тарапынан реттелмейді. Компаниялар оны нарықтық жағдайға байланысты өздері белгілейді.



Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Балуандарға құрмет көрсетті

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Азия чемпионатында Көк Туды биікте желбіреткен Ибрагим Магомадов, Эльмира Сыздыкова және Алмат Кебіспаевты қабылдады. Балуандарды жарқын жеңісімен құттықтап, толағай табыс тіледі. Спортшыларға, жаттықтырушыларға Алғыс хаттар мен ақшалай сертификат табыстады.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елордамыз Астанада күрес түрлерінен өткен Азия чемпионатына 24 елден 400 сақа спортшы қатысты. Күрестің әр түрінен 10 медаль сарапқа салынды. Қарағандылық

Жаттықтырушымызға және қолдаған жерлестерге үлкен ризашылық білдіремін. Енді, күркүйек айында өтетін Әлем чемпионатына дайындықты бастаймыз, – деді Ибрагим Магомадов.

2016 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, Азия чемпионаттары мен



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘЖІМДІГІ



спортшылардың қарқыны таң-тамаша етті. Ұлттық құрама қоржынын екі алтын және бір қола медальмен салмақтады. Бұл – жерлестер үшін үлкен абырой.

Грек-рим күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ибрагим Магомадов «классиктер» арасындағы белдесуде Қазақстан қоржынына жалғыз алтын медаль салғанын да айрықша атап өткеніміз жөн болар. Балуан 72 келіге дейінгі салмақта белдесті. Спортшының жаттықтырушысы – Жармұханбет Өрікбаев.

– Біз Азия чемпионатының елде өтетініне қатты қуандық. Бар күшімізді салып, жаттықтық. Өйткені, өз елімізде, ел жанкүйерлері алдында үздік өнер көрсетуді алдымызға міндет қылдық. Аллаға шүкір, еңбек өз нәтижесін берді. Жеңіске жеттік.

халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін жүлдегері Эльмира Сыздыкова өзінің көптен бергі келе жатқан қырғызстандық қарсыласы Айпері Медетқызынан басым түсті. 76 келі салмақта қарағандылық балуанның бәсі биік болды. Эльмираның жаттықтырушысы Владислав Сутормин шөкіртінің жеңісін жоғары бағалап отыр.

– Бүгінгі таңда біздің облыста спортты дамыту үшін барлық жағдай жасалғанын айта кету керекпіз. Жаттығу жасайтын залдың есігі үнемі ашық. Біздің мақтанамыз Эльмираның жеңісі – үлкен еңбектің жемісі. Әлі де биіктерді бірге бағындыру – мақсатымыз. Биыл екі байрақты бәсеке – Әлем чемпионаты және Азия ойындары өтеді. Әлем чемпионатында 2024 жылғы Олимпиада ойындарына алғашқы бес лицензия

ойнатылады, – деп атап өтті Эльмираның жаттықтырушысы.

Әлем чемпионатының бірнеше дүркін жүлдегері, екі дүркін Азия чемпионы Алмат Кебіспаев бұл жолы қолаға қол жеткізген болатын. Алматты Нұрлан Әлжанов жаттықтырады.

Ермағанбет Бөлекпаев қарағандылық спортшылардың жеңіске деген жоғары ұмтылысын атап өтті.

– Азия чемпионатында біздің облыстан үш спортшы қатысып, үшеуі де жүлделі орындарға ие болды. Шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің арқаларыңызда Қазақстан құрамасы ІІІ орынға ие болды, – деді құттықтау сөзінде аймақ басшысы.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖОБА

Жастарға жаңа қолдау

Ашық НҚА порталында белгілі бір санаттағы студенттердің жатақханада тұру шығындарын субсидиялау туралы қаулы жобасы жарияланды. Ол қабылданса, Үкімет 4,5 мыңға жуық студенттің жатақхана ақысын өтеп беретін болады.

Мұндай қолдау әуелі жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ кәмілеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-ана-

сының қамқорлығынсыз қалған, сонымен бірге, мүгедектігі бар жастарға жасалады.

Мемлекет олардың колледжде және ЖОО-да оқу кезінде жатақханаларда тұрға-

ны үшін жылына 29 АЕК-тен (2023 жылы – 100 050 теңге) аспайтын шығындарын өтемеқ.

Қазір қазақстандық жоғары оқу орындарында халықтың әлеуметтік осал тобына жататын 168 150 студент оқиды. Олардың қатарында ауылдан келген, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ студенттер, төрт және одан да көп кәмілетке толмаған бала тәрбиеленп отырған отбасылардан, сондай-ақ, толық емес отбасылардан шыққан студенттер де бар.

Өз тілшімізден

• КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА

Қызметші мүддесі қорғалады

Басқа басқа, мемлекеттік қызметшінің қызметінен мүлт кетсе, жалғыз бір ғана адамның емес, ол жұмыс істейтін мекеменің, қала берді бүтін облысты айтағанда, мемлекеттің абыройына нұқсан. Себебі, халықтың мемлекеттік аппаратқа деген көзқарасы мемлекеттік қызметшіге, оның жұмысына, мінез-құлқына тікелей байланысты. Демек, осы саладағы кез келген жанның әрекеті міңсіз болса керек. Бірақ, бұл оның іс-әрекеті қырағы қарауылда және мүддесі қорғалмайды деген емес. Мәселен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің тікелей міндеттерінің бірі – мемлекеттік қызметшілер құқығының бұзылуына жол бермеу. Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Ербол Жолданғардың төрағалығымен өткен кезекті отырыста мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссиялар жұмысты, тәртіптік практиканы қолдану барысында заң бұзушылықтардың алдын алу мәселелері талқыланды.

Салтанат ЛІНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Департаменттің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы Лияс Медет тәртіптік жаза қолдану тәртібін түсіндіру және қызметтік әдеп нормаларын сақтау бойынша тұрақты түрде семинарлар, тікелей эфирлер өткізілетінін айтады. Нәтижесінде тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар саны азайған. Мәселен, 2023 жылдың бірінші тоқсанында олардың саны – 206 адам болған. Бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6%-ға төмен.

Бұдан бөлек, мемлекеттік органдар Әдеп кеңесіне тоқсан сайын тәртіпті жазалар бойынша мәліметтер ұсынатынын айту керек. Ал, кеңес болса, бұл деректерді жан-жақты зерделеіп, қызметшілердің жауапкершілігін қарауда рәсімдік бұзу фактілерінің болған-болмағанын анықтайды. Ал, егер бұндай жағдай орын алса, мекеме басшы-



сының өзі жауапкершілікке тартылады. Тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметші теріс қылық жасау фактісімен келіспесе, онда қызметтік тергеу жүргізілуі тиіс.

– Процедура бұзылған жағдайда кейіннен мемлекеттік органның ак-

тісі мен әрекетіне шағымдануға әкелуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қарау кезінде заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтау және олардың конституциялық құқықтарының бұ-

зылуына жол бермеуі қажет, – дейді Лияс Медет.

Кеңестің төрағасы Ербол Жолданғар әрбір тәртіптік жаза қолдану барысында мемлекеттік қызметшінің құқықтары, сондай-ақ, кепілдіктер бар екенін еске салды. Сондықтан, тәртіптік жазаны қолдану барысында заң талаптарын қатаң сақталып, мемлекеттік қызметшілердің құқығының бұзылуына

талдау нәтижелері туралы айтты.

Деректер бірқатар мемлекеттік органдарда қызметкерлерге еңбек демалысының күндерін толық бермеу фактілері орын алғанын көрсеткен. Ербол Қабыдғалиұлы бұл ретте, келешекте мемлекеттік қызметшілердің еңбек демалысына шығу тәртібін қатаң сақтау керектігін ескертті.

Ал, облыстық еңбек инспекциясы басқармасының басшысы Ирина Любарская еңбек заңнамасының талаптарын сақтау мәселесі бойынша мәлімдеді. Кеңес мүшелері еңбек заңнамасының талаптарын сақтауын бақылау және алдын алу іс-шараларын жүргізу, бұзушылық фактілері анықталған жағдайда оларды жою шараларын қабылдау бойынша ұсыныстар берді.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүнісбекова мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер көрсету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл талаптарын бұзудың алдын алу бойынша баяндады. Бұл ретте, Ербол Қабыдғалиұлы күнделікті қызмет барысында қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуы қажеттілігіне баса назар аударды.

Әдеп жөніндегі кеңес баяндалған мәселелерді жан-жақты қарастырып, қатысушыларға мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалар бұзушылықтарын алдын алу бағытындағы профилактикалық шараларды одан әрі жетілдіру жөнінде ұсынымдар енгізді.

• БІЛІМ

Грант саны артады

Жаңа оқу жылынан бастап, колледждерде сұранысқа ие мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырыс аясындағы орын саны 50 мыңға көбейтіледі. Осылайша білім алушылар саны 130 мың адамға жетеді. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті хабарлады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында биыл техникалық мамандықтарға мемлекеттік тапсырыс 50%-ға, 2025 жылға дейін 70%-ға ұлғайтылды. Бүгінгі таңда 52 мыңнан астам студент электроника және энергетика, электроника және автоматтандыру, механика және металл өңдеу, автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану секілді бағыттарды таңдады», – деді департамент директоры Ернат Жүнісов.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдан бастап жұмыспен қамтитын кәсіпорындардың сұранысы бойынша кадрларды мақсатты жаулау енгізілді. Мәселен, өткен жылы кәсіпорындардың өтінімі бойынша 10 мың студент қабылданды. Биыл тағы қосымша 10 мың студент қабылдау жоспарланған. Жалпы мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттер шәкіртқа, тамақ және жол ақысымен қамтылған.

Өз тілшімізден


Ажары кірген ауылдар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет күні кеше Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. Бұл – «Ауыл – Ел бесігі» жобасының заңды жалғасы іспетті. «Ауыл – Ел бесігі» жобасымен Қарағанды облысының бірқатар ауылында әлеуметтік нысандар салынып, тұрғындар игілігіне берілген еді. Жаңа тұжырымдама аясында да ауылдың дамуына ықпал ететін көп жұмыс атқарылады деген сенім мол.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2020 жылы Қарағанды облысында «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында ауқымды жұмыстар басталған. 13 кент пен 7 ауданға қарасты ауылдарды қамтыған жобаны жалғастыру үшін республикалық бюджеттен 4,7 млрд. теңге бөлінген. Бұл қаражатқа Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау және Шет аудандарының 13 елді мекенінде 47 жоба жүзеге асырылады деп жоспарланған. Мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылып, ауыл мектептері, мәдениет үйлері, кентшілік жолдар, су құбырлары және басқа да нысандарды жөндеу жұмыстары қолға алынған.

Ақтоғай ауданында атқарылған жұмыстардың бір парасына тоқтайлық. 2021 жылы «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша Шашубай Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті. Жөндеу жұмыстарының арқасында соңғы жылдары төбесінен су ағып, қыста есік, терезесінен суық аңырап кеткен Мәдениет үйі жастардың бос уақытын тиімді өткізетін мәдени орынға айналды. Оған



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

түскен.

– «Ауыл – Ел бесігі» жобасы ауданға айтарлықтай қолдау болды. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік игіліктерге және мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз етуде. Сондай-ақ, ауылды жерлердегі инженерлік инфрақұрылым мен түрлі әлеуметтік нысандардың дамуына ықпал етті. Бүгінде халық игілігіне бағытталған жұмыстар ерекше бақылауда. Нысанды жөндеуші мердігер компания біздерге кедергі тудырмаз үшін жұмысты барынша ширата отырып, белгіленген уақытқа дейін нысанды қолданысқа беруге күш салуда. Сонымен



бюджеттен 109 миллион теңге бөлінген. Ғимарат қазіргі заман талабына сай жөнделіп, үлкен концерттік залдың акустикасы жаңартылып, сахна қайта құрылған. Көрерменге арналған 300 орындық орнатылған. Би, ән мен күй бөлмелері керек жабдықтармен жабдықталған. Құрылыс жұмысын «Балқаш Жібек Жолы» ЖШС жүргізіп, барлық жұмысты келіскен уақытында аяқтаған.

Одан кейін «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында 2022 жылдың мамыр айынан 2023 жылдың мамыр айына дейін Ақтоғай ауданының орталық ауруханасын жөндеу жалғасты. Бүгінде орталық аудандық аурухана мен жеке ғимаратта орналасқан жұқпалы аурулар бөлімшесінің ішкі-сырты толық жөнделіп бітіп қалды. Жоба құны – 256 млн. теңге.

Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы КМК директоры Елдос Жұмажановтың айтуынша, нысанның ажары кіріп, көркейсе

қатар, аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы 15 адам жұмысқа тартылды, – дейді Елдос Немеребайұлы.

Орталық ауруханасының басшысы қазіргі уақытта медицина саласына жігі назар аударылып отырғанын айтты. Өткен жылы облыстық бюджеттен 80 млн. теңге қаржы қарастырылып, Шашубай кенті дәрігерлік амбулаториясына ішкі күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген.

Бұл «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы іске қосылғаннан бергі Ақтоғай ауданында атқарылған жұмыстардың бір бөлігі болатын. Жоспарланып отырған жұмыстар да аз емес. Ауыл еліміздің арқасүйер сүйенішіне, темірқазығына айналсын десек, ауылды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған Мемлекет басшысының тұжырымдамасы арқылы тамырына қан жүгірту басты мақсат.

Ақтоғай ауданы

Құттықтаймыз!

Құрметті Серік КАСЕНОВ!

Асыл жар, аяулы әке, ардақты ата сізді 70-жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Сізді жетпістің асуына еселі еңбегіңізбен, қажырлы қайратыңызбен, ел-жұртқа сыйлы абырой-беделіңізбен, жеткен жетістіктеріңізбен құттықтаймыз. Сізге ең бастысы мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында анашым екеуіңіз марқайып жүре беріңіздер.



Өткен күннің артта қалып елесі, Тіршіліктің жылжи берер кемесі. Басыңызға бақ пен ырсы сыйлаған, 70 жастың құтты болсын белесі.

Балаларың басындағы бағыңыз, Жүзге дейін нұрлы шырақ жағыңыз. Өзіңізді мәпелеген, баптаған, Аман болсын анамыздай жарыңыз.

Осы өңірде кең керілген кереген, Еңбегіңмен еселенген берекен. Атасының амандығын тілейді, Ерке, тентек, ақ пейілді немерен.

Ардақтайды ақсақал деп халқың да, Біз секілді ұрпағың да артыңда. Сексенге де, тоқсанға да жетіңіз, Дәл осындай мейірімді қалпыңда.

Ізгі ниетпен тілек білдірушілер: жолдасыңыз – **Рымбала**, балаларыңыз: **Берікбол-Зухра, Қанат-Рахат, Бахтияр-Салтанат, Еркнат-Диана, Бейбітжан-Қымбат** және немерелеріңіз бен жиендеріңіз.

№207

ҚҰҚЫҚ

Алимент төлемеу

— ҚЫЛЫМС

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында және «Неке (ерлі-айыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 138-бабында ата-аналардың көмектеске толмаған балаларын асырау жөніндегі міндеті бекітілген.

Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

Ата-аналар өздерінің көмектеске толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті.

Алимент – бір адам оны алуға құқығы бар екінші адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат.

Жұмыссыз жүрген ата-аналарға осы міндеттерді орындауға мүмкіндік беру үшін аудан прокуратурасы Қарағанды қаласының жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп ай сайын борышкерлерді жұмысқа орналастыруға жәрмеңкелер өткізеді, соның нәтижесінде борышкерлерге қызметтің түрлі салаларында бос жұмыс орындарының үлкен таңдауы ұсынылып, жұмысқа орналасуға жолдамалар беріледі және құқықтық көмек көрсетіледі.

Көмектеске толмаған балаларды асырауға арналған сот актілерін орындамағаны үшін келесідей мәжбүрлеу шаралары қолданылады:

- елден тыс жерлерге шығуға тыйым салу;
- ақшалай шоттар мен мүлікке тыйым салу;
- борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы жылжымалы және жылжымайтын мүлкін алып қою;
- борышкерді әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту және тағы басқа.

Аудан прокуратурасы қылмыстық қудалау органдарымен бірлесіп, 3 айдан астам алимент төлемеген борышкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту жөнінде кешенді шаралар қабылдай отырып, өзара іс-қимыл орнатқан.

Соның нәтижесінде ағымдағы жылдың өткен кезеңінде 3 айдан астам алимент төлемеген 2 борышкер қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Теріс салдардың алдын алу үшін борышкерлер алиментті уақытылы төлеуі қажет.

Алимент бойынша міндеттер орындалмаған жағдайда борышкерлер «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы» кодекстің 669-бабы және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша жауапкершілікке тартылады.

Еркебұлан АСЫЛХАНОВ,
Қарағанды қаласы,
Әлихан Бөкейхан ауданы
прокуратурасының
бөлім прокуроры

ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕ – 70 ЖЫЛ

Тың ізденіс, тыңғылықты тұжырым

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті химия және химиялық технологиялар кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы ғылыми мекемелердің және кәсіпорындардың жетекші мамандарымен дөңгелек үстел өткізді. Аталған шара Қазақстандағы ғылым қызметкерлері күніне және университеттің 70 жылдық мерейтойына орайластырылған. Жиын тақырыбы «Химиялық технологиялар саласындағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары» деп аталды.

Негізгі мақсаты – пікір алмасу, химиялық технологиялар саласындағы перспективалық зерттеулермен танысу.

Дөңгелек үстелде «ҚР органикалық синтез және көмір химиясы институты» ЖШС биологиялық белсенді заттарды синтездеу зертханаларының жетекші мамандары, х.ғ.д., профессор Оралғазы Нұркенов, ҚР ҰҒА академигі, х.ғ.д., профессор Серік Фазылов, х.ғ.к., қауымдастырылған профессор Жангелді Нұрмағанбетов, т.ғ.м., докторант Анель Мендібаева және «AlsKazlab» ЖШС Бас директоры Қайрат Қарасартов, Қарағанды зерттеу зертханасының бастығы Данияр Нұрымканов қатысты.

Университеттің атқарушы директоры, т.ғ.д., профессор Аристотель Исагулов жиында құттықтау сөз сөйледі.

Іс-шара барысында қатысушылардың баяндамалары тыңдалып, дөңгелек үстел тақырыбы бойынша мәселелер талқыланды. Сондай-ақ, қатысушылар «Биоинженерия» ғылыми-білім беру кешеніне, «Жаңа материалдар» ғылыми-зерттеу институтына экскурсия жасады.

Қарту-дың Химия және химиялық технологиялар кафедрасының менеджері Алтынарай Темірбекқызы баяндамасында ғылыми мекемелер мен кәсіпорындар өкілдерімен кездесу «Корпоративтік университет» ынтымақтастығының инновациялық-білім беру консорциумы туралы келісім шеңберінде жүзеге асырылатынын айтты.

«Химияның супрамолекулалық



саласы» тақырыбында ҚР ҰҒА академигі Серік Фазылов баяндама жасады. Оның басшылығымен Қазақстанда алғаш рет нанокүрылымды биологиялық белсенді заттарды синтездеудің микротолқынды технологиясы бойынша жаңа ғылыми бағыт дамыды.

«AlsKazlab» ЖШС Бас директоры Қайрат Қарасартов компания қызметкерлері табиғи ресурстарды өндіру және байыту саласында әлемдегі жетекші және әртарапандырылған компаниялардың бірі болып табылатын Eurasian Resources Group (ERG) сияқты көптеген ірі компаниялар үшін зерттеулер жүргізіліп жатқанын айтты.

және қайың қабығымен байланысты қосылыстарды тазарту және сәйкестендіру» тақырыбындағы баяндамалары тыңдалды. Гранттық жобаларды орындаудағы ғылыми нәтижелерге «ҚР ОСЖКХИ» ЖШС жетекші ғалымдарымен, сондай-ақ, КУ халықаралық серіктесі, «Томск мемлекеттік университеті» ҒЗИ органикалық химия кафедрасының профессоры Әбдіғали Бакибаевпен бірлесіп қол жеткізген.

Биологиялық белсенді заттарды синтездеу зертханасының ең жас қызметкері Анель Мендібаева – химия және химиялық технологиялар кафедрасының «Органикалық заттардың химиялық технологиясы»

мамандығы бойынша магистратура түлегі. Ол «Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру туралы» баяндаманы ұсынды.

Іс-шара соңында ғылыми мекемелер мен кәсіпорындардың өкілдері Әбілқас Сағынов атындағы Қарту КеАҚ базасында өтетін «Білім, ғылым және өндірістің интеграциясы» тақырыбында 2023 жылдың 16-17 маусымда өтетін «ХV Сағынов оқулары» өтетін болды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ғылыми және жоғары білім министрлігі ұйымдастыратын ғылыми және басқа да бағдарламалар бойынша гранттық жобаларға

бірлесіп қатысу; 6B07110/7M07108 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларының дипломдық және магистрлік жұмыстарына бірлескен басшылық жасау; Scopus DB индекс-тейтін халықаралық журналдарда 2 (Q2) кварталдың бірлескен авторлығымен 2 мақала дайындау туралы шешім қабылданды.

Алтынарай ТАКИБАЕВА,
Ә.Сағынов атындағы Қарту
Химия және химиялық
технологиялар кафедрасының
менгерушісі

МЕРЕЙ

«Сүйер ұлын болса, сен сүй...»

Бекзат Қомарұлымен қызметтес болсам да, осы қарашаңырақта қызмет еткен әріптес ретінде құрметім жоғары. Сондықтан да, көрген жерде «Бекаға» деп, азаматтың бағасын көтеріп жүремін. Уақыт өте келе, ағамыз түрлі қызметтің тізгінін ұстағанда да сыйласып жүрдік. Қазір де бір саланың қазанында қайнап, еңбек етудеміз. Бекзат ағам ердің жасы 50-ге келгенде қалам тербемей қала алмадым. Азаматтың ардақтап, өзін қызмет ететін шаңырақта алғашқы еңбек жолын бастап, сұңқарға айналғанын мақтанышпен жазғым келді. Бекзат Қомарұлында тізбелеп айта берсек, атақ та, даңқ та, марапат та, шүкір, жетерлік. Ол атғына заты сай, елі үшін туған Бекзада ғой.

Ауылымыздың арда азаматы, әріптесіміз Бекзат Қомарұлы Алтынбеков ел ағасы атанып, мерейлі 50 жасқа толды. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, Бекзат Қомарұлының өнегелі өмір жолы туралы мақалаларды баспасөз таласа жарияласа, әлеуметтік желі әлі де жаңғырта жазып жатыр. Қанша жазса да көптік етпейді дер едім.

Ғасырға жуық тарихы бар, аудандық «Aqtogai aяғу» газетінің ұжымы алғашқы тырнақалды туындыларын жарыққа шығарып, қияға аттандырған азаматының ұлт мақтанышына айналғанын



мақтан тұтады. «Батамен ер көгерер» демекші, қарияларымыздың батасы қабыл болып, әр кез аман жүріңіз.

Қазақта «Сұңқар жемін шашып жейді» деген сөз бар. Сіз сол алтын қанатты, кең жүректі сұңқардай, әркез қамқорлық танытып, «Атымтай жомарт» атанып, халық алдында жүрсіз. Барыңызды бөлісіп, «Алтын жүрек» азамат

атандыңыз. Сол жомарттықтың бір парасы «Aqtogai aяғу» ұжымында алдыңғы буын аға-апаларымыздың есімін тарихқа енгізу мақсатында 2007 жылдан бастап, екі жыл сайын дәстүрлі марапаттау өткізіп, сыйлық ұсынып келе жатқан көргендігіңіз. Смағұл Ибраев, Төлеухан Бишаев, Қасым Орынбетов, Мүбәрак Жармағанбетов, Әния Нұргелдина, Рымбек

Мәмбетовтердің есімін тарихта қалдырудың жолын таба білгендігіңіз «Елім!» дейтін ұлдың перзенттік парызы. Уақыттың тығыздығына қарамастан елге келе жатқанда: «Гүлнар, ауылдағы ардагерлеріміздің басын қосып қойшы, дәм берейін, арқа-жарқа болып қалайық, мен де елдегі ағайынмен қауышып, қала тіршілігінен шаршағанымды басайын» деуіңіздің өзі бізге ерекше құрмет. Сіз сөйтіп, «Балам дейтін елі барда, жұртым дейтін ұлы бар» екендігін өнегелі ісіңізбен танытып келесіз. Қазыналы қияларға бастау болған, өмірге жол ашқан қайнар бұлақ қарашаңырағыңыз сізді әркез мақтан тұтады, қадірлейді.

Сөзімді түйіндей келе, «Сүйер ұлын болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» – деген хәкім Абай сөзі, ауылымыздың арда азаматы Бекзат Алтынбеков секілді жаңдарға арналғанына тағы да көзім жетті. Отбасыңыз аман, еңбегіңіз жемісті, әр ісіңіз келісті болғай! Үнемі абырой биігінде жүргейсіз!

Гүлнар ЕЛЕУСІЗОВА,
Аудандық «Aqtogai aяғу»
газетінің Бас редакторы

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



Электрондық
пошта:
ortalyk.kaz@
mail.ru

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингі ұжымы «Ortalyq Qazaqstan» газетінің ардагері Сүйіндік Жанысбайға жеңгесі **Баян КӘКЕТАЙҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облысы: ауа райы

	18 сәуір		19 сәуір		20 сәуір	
Қарағанды қаласы	+5	-6	+2	-1	+5	-6
Абай ауданы	+6	-5	+3	-1	+6	-6
Ақтоғай ауданы	+5	+4	+6	-4	+4	-3
Бұқар жырау ауданы	+1	-11	0	-3	+2	-9
Қарқаралы ауданы	+3	-7	+2	-4	+2	-7
Нұра ауданы	+3	-14	+3	-1	+3	-7
Осакаров ауданы	0	-14	0	-8	+2	-2
Шег ауданы	+5	-5	+6	-2	+5	-3

Ақпарат <https://www.gismeto.kz/> сайтынан алынды

• ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Өшпес ерлік өнегесі

Жаңа Майкұдық мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Кеңес Одағының Батыры Мартбек Мамыраев атындағы Қарағанды әскери-техникалық мектебі алаңындағы батыр ескерткішінің алдында «Ерліктің даңқы өшпес» атты Мартбек Мамыраевтың туғанына 115 жыл толуына арналған жиын өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел басына күн туғанда етігімен су кешкен батыр бабалардың ерлігін уақыт көші ұмыттыра алмайды. Олардың алып тұлғасы жылжып жылдар өткен сайын жадымызда жаңғырып асқақтай бермек. Мартбек Мамыраев – Отан үшін от кешкен қазақтың даңқты перзенттерінің бірі.

Тарихи танымдық жиын батыр ескерткішінің алдына гүл шоқтарын қойып, тағзым жасаумен басталды. Жиналғандар Отан үшін от кешкен халқымыздың қаһарман ұлын минут үнсіздікпен еске алды.

Қасиет қонған Қарқаралы өңірінде 1908 жылы өмірге келіп, туған жердің тұнығын бала жасынан бойына сіңірген Мартбек Мамыраевтың ғұмыры шежірелі даланың даңқты дастаны іспетті. Ең алғаш, Қарағанды кенішінде еңбек етіп, Отанға қауіп төнген сын сағатта атқа



қонған азаматтың Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өзені үшін болған ұрыстағы жанқиярлық ерліктері батырдың

басқадан бөлек болмысын көрсетті.

Отты жылдарда Отан үшін от кешкен тұлғаның ерен ерлігі, елге деген шексіз сүйіспеншілігі Қазақстанның бүгінгі саптағы сарбаздары үшін, болашаққа қанат қаққан жасампаз ұрпақ үшін адастырмас бағдаршам іспеттес.

Іс-шарада «Ардагерлер ұйымы» рес-

публикалық қоғамдық бірлестігі Әлихан Бөкейхан аудандық филиалының төрағасы Марат Аймағамбетов, Мартбек Ма-

• ФУТБОЛ

Кеншілер күйрете жеңді

Бұған дейін қарсыластарынан бірнеше мәрте жеңілген «шахтерліктердің» бұл жолы десі басым болды. Ел чемпионатының VI турында «Шахтер» Түркістан облысының «Мақтаарал» клубымен кездесті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ойынның әлқиссасы «мақтааралдық» Сағдат Тұрсынбайдың жерлесіміз Тимур Чогадзени аяқтан шалуынан басталды. Алаңда айып добы тебілгенімен нәтиже болмады. Десе де, ойынның жартысына жеткенде «Шахтердің» жартылай қорғаушы Юрий Перцух қарсылас қақпасына соққысын деп бағыттап есеп ашты. Қарсыластар да қарап тұрмады. Дерсу қарымта шабуылға көшті. Бірақ қарағандылық Шацкийдің қорғанысы бұл соққыға төтеп берді. Жанкүйерлер қолдауы алаңды жаңғыртты.

Жанкүйерлердің ыстық ықыласын сезінген жерлестер одан бетер «атқа қамшы салды». Осы қарқынмен Иван Свиридов «Мақтаарал» қақпасын тағы да солқ еткізді. Есеп 2:0.

Қос голдан кейін ойын қыза түсті. Ала



допты аңдыған қос команда ойыншылары біріне-бірі дес берер емес. Дегенмен, «Шахтер» ойыншылары ойын бойы бір қадам

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жерлес балуандар жеңісі

Абай ауданының жас балуандары 11-14 сәуір аралығында Павлодар қаласында қазақ күресінен өткен Қаныш Сәтбаев атындағы республикалық турнирден олжалы оралды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Ұлы ғалымның туған күніне орай ұйымдастырылған бәсекеге 11 салмақ дәрежесі бойынша еліміздің 11 облысынан 420 балуан қатысқан еді. Үш күнге созылған сайыста абайлық жаттықтырушы Орал Иса дайындаған Жасұлан Кетебаев 65 кг салмақта және топарлық бапкер Қанат Төлепбергеннің шәкірті Аман Әділбек 75 кг салмақта қарсы-

ластарының бәрін жығып, жеңімпаз атанды. Оларға арнайы кубоктар мен медальдар табысталды.

Абай ауданы

СУРЕТТЕ: абайлық жаттықтырушылар жеңімпаз шәкірттерімен.

• МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Мағжанның маңғаз жыры маздаған кеш

Алаш қайраткері, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына орай Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада «Мағжан жыры мәңгілік» тақырыбында әдеби-танымдық кеш өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш акын шығармалары арқылы оқушыларды әдебиетке қызықтыруды, отансүйгіштікке тәрбиелеуді көздеді.

Кешке Республикалық әдеби «Қасым» журналының бас редакторы, Серік Сағынтай, «Bolashaq» академиясының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Меруерт Серікбайқызы, «Bolashaq» академиясы «Машина жасау колледжінің» студенттері, №2 «Білім-Инновация» лицей-интернатының және «М.Жұмабаев атындағы №39 Гимназияның» оқушылары қатысты.

Серік Сағынтай мырза, өзіндік қолтаңбасы бар, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлеңімен азаттықты ұрпаққа аманат етіп қалдырған ақынның Алаш қозғалысының қайраткері ретіндегі тұлғасына ой жүгіртіп, оқырмандарды қызықты әңгімесімен баурап алды. М.Жұмабаевтың қазақ әдебиеті тарихындағы алатын орны, әлеуметтік қызметі және оның саяси-қоғамдық қызметі туралы кеңінен әңгімеледі.

мыраевтың қызы Клара Мамыраева, ҚР Қорғаныс министрлігі әскери-техникалық мектебі директорының орынбасары, подполковник Нұркен Бекішев, Жақып Ақбаев атындағы орта мектептің кітапхана меңгерушісі Гүлжанат Жолдыбекова сөз сөйлеп, батыр өмірінен деректер айтты. Батыр рухына тағзым етіп, жастарға үлгі болатын тарихи тұлға екенін тілге тиек етті.

Өнегелі кешті кестелі ән айшықтап, Марат Ерденнің орындауында «Қазақтың ұлымын» әні шырқалды.

Жауқазын канатын «жыр» деп қаққан жас жеткіншектер Жақып Ақбаев атындағы орта мектеп оқушылары Дариға Татыханова, Мағжан Мейраш және Нұрым Эрали рухани іс-шарада Қасым ақынның «Мартбек» өлеңін жатқа оқыды.

Ержан Серікбаевтың «Алға, қазақ жігіттері» әнін Кәрім Медет әуелетсе, «Кәусар» дуэтінің орындауында сол жылдар кезеңінен сыр шертер «Журавли» әні шырқалып, өне-бойымызды шымырлатты. Ал, «Кәусар» дуэті «Туған ел» әнін орындап, жұртты бір серпілтті.

Тірілгінде ел үшін ерен істер атқарып, тұлға бойынан ұлттың, рухтың ұраны ескен тұлғаның тағылымды ғұмыры мен ерлік ісі бүгінгі ұрпақ үшін мәңгі өнеге.

СУРЕТТЕ: батырдың қызы Клара МАМЫРАЕВА.

алда жүрді. Қарсыластар қанша тықсырса да әуелгі жүйені жоғалтпады. Осылайша, ойынның 41-ші минутында Егор Алишасускастың әуелете тепкен добы қарсылас қақпасына тура барды. Есеп 3:0. Бұл – нағыз тарихи жеңіс болды десек артық емес. Ел чемпионаты басталғалы бері жолы болмаған «Шахтер» ойыншылары шын ерледі.

Сонымен қатар, бір гол салып және бір нәтижелі пас берген жартылай қорғаушы Юрий Перцух кездесудің «Үздік ойыншысы» атанды. Жерлестердің бірінші айналымда қатарынан үш гол салып, ойын тағдырын әуелден шешіп қойғаны жақсы болған секілді. Қос голдан соң қарсыластардың «аяғына жем түскендей» болды.

– Жеңіске жетіп, жанкүйерлерді әсерлі сезімге бөлегенімізге өте қатты қуаныштымыз. Күннің суығына қарамай, бізге жанкүйер болып келген жандарға алғысымыз шексіз. Жанкүйерлердің қолдауы бізге әрдайым күш беріп жеңіске жетелейді, – деді «Шахтердің» бас жаттықтырушысы Игорь Солошенко.

Айта кетейік, қарағандылықтар 19 сәуірде «Окжетпес» клубымен кездеседі. Жанкүйерлер бұл ойыннан да жақсы нәтиже күтеді.

• ДЗЮДО

Төрелікті қазақ төрешілері айтады

Алматыда Халықаралық дзюдо федерациясы (IJF) мамандарының қатысуымен дзюдо бойынша құрлықтық және халықаралық санаттағы төрешілерге арналған семинар-емтихан аяқталды.

Нәтижесінде қазақстандық төреші Самат Сапишевке IJF International – халықаралық деңгейдегі төреші, Асхат Жіткеев пен Николай Иванов IJF Continental – құрлықтық деңгейдегі төреші атағы берілді.

Семинардың алғашқы күндерінде теориялық бөлімді аяқтаған төрешілер жазбаша және ауызша емтихан тапсырғанын атап өткен жөн. Мамандар Алматыда Бекет Махмұтовты еске алуға арналған кадеттер мен жастар арасындағы Азия кубогының жарыс алаңында тәжірибелік білімдерін көрсетті.

19 төреші IJF төрешілерінің құрлықтық және 21 халықаралық санатын алды. Семинарға барлығы 18 елден 42 төреші қатысты. Емтихандарды Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) төрешілер комиссиясының басшылары Армен Багдасаров пен Даниэль Ласкау, сондай-ақ, Азия дзюдо одағының төрешілер директоры Мун Вон Бое қабылдады.

Халықаралық төреші атағын алған мамандар Гран-приді, Үлкен дулыға турнирлерін, құрлықтық және әлемдік чемпионаттарды, Олимпиада ойындарын бағалау құқығына ие болады.

• ЕРКІН КҮРЕС

Азия чемпионаты: абырой төріндеміз

Астанада еркін күрестен Азия чемпионаты аяқталды. Бұл сында қазақстандық команда жеті марапатқа ие болды.

Дүбірлі доданың соңғы кезеңінде алтын алып, тұғырға шыққандар – 74 келіге дейінгі салмақта Дархан Есенғали және 86 келіге дейінгі Азамат Дәулетбеков. Ал, күміс алқаны 92 келі салмақта Ризабек Айтмұхан мен 125 келіге дейінгі Юсуп Батырмурзаев алды.

Команда активінде барлығы жеті марапат бар. Бұған дейін «алтынды» қарағандылық Эльмира Сыздықова мен Ибрагим Магомадов алған еді. Ал, Санжар Досжанов, Болат Сақаевтың жолы болып, күміс тұғырдан бой көрсетті. Қоржында қола да бар. Оны 57 келіге дейінгі салмақта Рахат Қалжан салды.



• ТЕННИС

Ақтық сынға ақ жол

Теннистен әйелдер командасы Билли Джин Кинг кубогының финалдық кезеңіне шықты.

Астаналық Ярослава Шведованың шәкірттері Beeline Arena арнайы жабық қортында Польшадан келген қарсыластарын 3:1 есебімен жеңді. Аталған матчтарды екі рет Елена Рыбакина, бір рет Юлия Путинцева жеңіп алды. Польшалықтар тек жұптық матчта ғана жеңіске жетті.

Қазақстан теннис федерациясының президенті Болат Отемұратов әйелдер командасын жеңісімен құттықтады.

– Біздің құраманы Астанадағы Билли Джин Кинг кубогының біліктілік турниріндегі жеңісімен және әлем чемпионатының финалдық кезеңіне шығуымен құттықтаймын! Польша командасымен табанды қарсыластықта жеңіске жеткен Қазақстан құрамасы әлемдік рейтингтің үздік ондығына кіретін әлемдегі ең мықты ұлттық командалардың бірі екенін растай отырып, жоғары деңгейде ойын көрсетті, – деп атап өтті федерация басшысы.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА

Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары – Н.С. ДҮТБАЙ

Интернет-редакция редакторы – І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы – Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13

Теміртау, Саран, Шахтық, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ. Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KJZKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№443 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылған. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Сағыншы ӘБІЛ